

КҮЛӘШҚА

Сәлем хат жауабыңа жаздым, Күләш,
Ой, шіркін, о басында құлаш-күлаш.
Кем-кемнен кейінінен басыласың,
Дүниенің опасызын біліп рас!
Өткендер орнына келмейді қайтып,
Сондықтан керегі жоқ оларды айтып.
Тән қайда, Тәңірі ісіне талап қолдан,
Отырмай өз-өзіңді құр мұңайтып.
Білгеннен хабарыңды сенің сұрап,
Арба жоқ, ара шөлде, жерің жырақ.
«Құлағың естігенді көзің көрер», –
Дегені қариялардың бар ғой бірақ.
Иншалла қауышармыз болсақ аман,
Келіп бақ, уақытың болса бері таман.
Осындай Алматыдан орын алып,
Отырмын асылында ғашық боп саған!
Орасан көп болғанмен әйел халқы,
Артық, кем бір-бірінен болар парқы.
Бас қосса жаманменен жабығар ер,
Жүргендей жүдеп, шаршап, жаяу-жалпы.
Жақсысы жайнаған гүл көңіліңді ашар,
Ой тауып өзіңменен ақылдасар.
Дегендей «Біріккенді бөрі жемейді»,
Талабың ойына алған алға басар.
Көз салып әйел тобын араладым,
Бұрылып бәріне де қарамадым.
Қызыл жүз, қызғылықты болғанменен,
Білімді болмаған соң қаламадым.
Белгілі бұл Биекең еді досым,
Қолының білгеннен соң мұның босын.
Әдейі аттандырып тұрмын қолдан,
– Жеткер, – деп, сол Күләштің мұнда көшін.
Барған соң біздің жайдың бәрін де айтар,
Өзіңді бері қарай ала қайтар.
Қалмаса біреу ұстап білегінен,
Ойым жоқ деген сізді сөзді ұзайтар.
Аяғы осыменен бүгінгі сөздің,
Оған жоқ аланы енді көздің,
«Келеді, – деп, Күләш қашан» ойнақтаймын,
Үстінде балалардай тұрған қоздың.